

«Эйр Астана» АҚ үшін аудиторлық ұйымды таңдау тәртібі

1. Осы «Эйр Астана» АҚ (бұдан әрі – Компания) үшін аудиторлық ұйымын таңдау тәртібі (бұдан әрі – Таңдау тәртібі) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Компанияның жарғысына сәйкес Компания мен оның еншілес ұйымдары үшін аудиторлық ұйымды таңдау қағидаттарын белгілейді және таңдау рәсімін сипаттайды (бұдан әрі – Таңдау рәсімі). Тәртіп аудиторлық ұйымға қызмет көрсетуге шарт жасасудың алдындағы аудиторлық ұйымды таңдау тәртібін жүргізуді көздейді. Тәртіп Қазақстан Республикасының заңнамасына, Компанияның жарғысына және Компанияның басқа да ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді. Аудиторды таңдау келесі қағидаттарға негізделген:

- қаржылық есептілік аудитінің сапалы қызметтерін және ілеспе қызметтерді сатып алу;
- таңдау процесінің ашықтығы, қабылданатын шешімдер үшін бақылау және жауапкершілік;
- мүдделер қайшылығының болмауы және тәуелсіздікті сақтау;
- аудит қызметтерін сатып алу үшін пайдаланылатын қаражатты тиімді жұмсау;
- барлық Қатысушыларға тең мүмкіндіктер беру;
- Қатысушылар арасында адал бәсекелестік.

2. Осы қосымшада келесі негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- **Аудитор** – «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңына және/немесе Компания жарғыларына сәйкес Компанияның аудиторлық ұйымын Ретінде анықтау үшін құзыретті органға ұсынылған аудиторлық ұйым.

- **Еншілес ұйым** – Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары (ХҚЕС) 10: «Шоғырылдырылған қаржылық есептілік»-ке сәйкес анықталған Компанияның еншілес ұйымы.

- **Бірыңғай комиссия** – аудиторды таңдау стратегиясын анықтайтын және еншілес ұйымдарды қоса алғанда, Компания үшін аудиторды таңдау тәртібін жүзеге асыратын консультативтік-кеңесші орган;

- **Тапсырыс беруш** – компания және/немесе Компанияның еншілес ұйымы.

- **Қатысушы** – қаржылық есептіліктің аудиті бойынша аудиторлық ұйымның қызметтерін сатып алу туралы шарт жасасуға үміткер және таңдау тәртібіне қатысатын аудиторлық ұйым.

3. Бірыңғай комиссия қаржылық есептілік аудиті саласындағы халықаралық тәжірибеге қол жеткізу, сондай-ақ қор биржаларының талаптарын қанағаттандыру мақсатында жаһандық желісі бар, халықаралық аудиторлық ұйымдар және/немесе үлестес тұлғалардың арасында іріктеу рәсімін жүргізеді. Бірыңғай комиссия әлеуетті аудиторлық ұйымдардың тізбесін Компанияның сатып алуды ұйымдастырушының ұсыныстарын ескере отырып, анықтайды және бекітеді.

4. Аудиторды таңдау стратегиясын іске асыру мақсатында Бірыңғай комиссия келесілерге құқылы:

- 1) Компания және оның еншілес ұйымдары үшін аудиторлық ұйымы таңдалатын кезеңді айқындайды. Сондай-ақ, аудиторлық ұйымның қызмет мерзімі 5 (бес) жылдан аспауы тиіс;

- 2) Компания және оның еншілес ұйымдарын бірыңғай аудиторлық ұйымды іріктеу және іріктеу бойынша бірыңғай рәсімді жүзеге асыру мақсатында біріктіру. Бірыңғай іріктеу рәсімін өткізу кезінде барлық мүдделі тұлғалардың өкілдерінен бірыңғай комиссия құрылады. Біріктіру және Компанияны таңдаудың бірыңғай рәсімін өткізу туралы шешім Компанияның Аудит комитетінің отырысында қабылданады;
- 3) әлеуетті қатысушылардың бекітілген тізбесіне сәйкес әлеуетті аудиторлық ұйымдарға техникалық сипаттаманы (бұдан әрі – Қатысуға өтінім) жіберуге міндетті.

5. Компания мен оның еншілес ұйымдары үшін аудиторлық ұйымды таңдайтын жағдайда Бірыңғай комиссияның құрамы:

Комиссияның төрағасы: - Компанияның Аудит комитетінің төрағасы.

Комиссия мүшелері: - Компанияның Аудит комитетінің мүшелері;

- Қаржылық есептілік мәселелеріне жетекшілік ететін компанияның бірінші басшысының орынбасары немесе қаржылық есептілік мәселелеріне жетекшілік ететін Компанияның Қаржы департаментінің басшысы ;

- Қаржылық есептілік мәселелеріне жетекшілік ететін еншілес ұйымның бірінші басшысының орынбасары немесе еншілес ұйымның , қаржылық есептілік мәселелеріне жетекшілік ететін Қаржы департаментінің басшысы

Бірыңғай комиссия хатшысы – сатып алуды ұйымдастырушының өкілі (Сатып алу және жабдықтау департаменті)

6. Бірыңғай аудиторлық ұйымды таңдау мен таңдаудың бірыңғай рәсімін жүргізу мақсатында Компания мен оның еншілес ұйымдарын біріктіру туралы шешім Компанияның Аудит жөніндегі комитеті отырысының хаттамасымен қабылдануы және ресімделуі тиіс.

7. Бірыңғай комиссия отырысын өткізу үшін кворум Бірыңғай комиссия мүшелері санының кемінде жартысын құрауы тиіс. Дауыстар тең болған жағдайда Бірыңғай комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Бірыңғай комиссияның төрағасы отырысқа қатыса алмаған жағдайда, Бірыңғай комиссияның басқа мүшесі төраға болып тағайындалады.

8. Іріктеу рәсімі келесі кезекті кезеңдерді қамтиды:

1) қажет болған жағдайда сатып алуды ұйымдастырушы бірыңғай іріктеу рәсіміне енгізу негіздемесі бар еншілес ұйымдардың тізімін жасайды;

2) Компанияның қаржы департаменті мен сатып алу және жабдықтау департаментінің жауапты қызметкерлері техникалық сипаттаманың жобасын бірлесіп әзірлейді. Бұдан әрі бірыңғай комиссияның хатшысы осы жобаны қажетті құжаттарды қоса бере отырып Бірыңғай комиссия мүшелеріне келісуге жібереді;

3) Бірыңғай комиссия іріктеу тәртібі бойынша бірінші отырысты өткізеді және мынадай негізгі мәселелер қаралады:

1) Аудиторлық ұйымының қызмет мерзімін анықтау (5 жылдан аспайды);

2) Қатысу өтінішін бекіту;

3) Қатысушылар тізімін бекіту;

4) Бірыңғай комиссияның бірінші отырыстың қорытындылары бойынша шешімін хаттамамен ресімделеді;

4) Таңдау рәсімін Бірыңғай комиссия жүзеге асыратын сатып алуды ұйымдастырушы келесі мерзімдерді көрсете отырып, қатысуға сұрау салуды қоса бере отырып, бекітілген тізімнен барлық қатысушыларға таңдау рәсімін өткізу туралы ақпаратты жібереді:

- Әлеуетті аудиторлық ұйымдардың іріктеу рәсіміне қатысуын немесе қатыспауын растау үшін – кемінде 5 (бес) күнтізбелік күн;

- ресми конкурстық ұсыныстарды беру үшін аудиторлық ұйымдар тапсырыс берушіні таңдау рәсіміне қатысу туралы ақпаратты жіберген күннен бастап кемінде 10 (он) күнтізбелік күн;

5) Қажет болған жағдайда сатып алуды ұйымдастырушы әлеуетті аудиторлық ұйымдармен оларға іріктеу рәсімінің шарттарын түсіндіру үшін кездесулер өткізе алады.

6) Қатысушылардың конкурстық өтінімдері мөрмен бекітіліп, құжаттарды қабылдау актісіне сәйкес сатып алуды ұйымдастырушыға тапсырылуы тиіс;

7) Ресми конкурстық ұсыныстарды алғаннан кейін Компанияның қаржы департаментінен және сатып алу және жабдықтау департаментінен жауапты қызметкерлер бірлесіп олардың бекітілген Қатысуға өтінімнің талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізеді;

8) Сатып алуды ұйымдастырушы ресми конкурстық өтінімдерді таратады және Бірыңғай комиссия мүшелеріне қатысуға өтінімнің талаптарына олардың сәйкестігін талдайды. Сондай-ақ Бірыңғай комиссия мүшелерінің келісімі бойынша Қатысушылармен олардың ауызша баяндамалар жасауы бойынша кездесулер кестесін жасайды (Бірыңғай комиссияның екінші отырысы);

9) Ауызша баяндамалар нәтижелері бойынша Бірыңғай комиссия барлық Қатысушыларды жалпы талқылауды жүргізеді, оның нәтижелері бойынша бағалау парақтары толтырылады және бірінші, екінші және үшінші орындарға ие болған Қатысушылар анықталады. Қатысушыларды бағалауға арналған стандартты сұрақтар ретінде Бірыңғай комиссия осы Тәртіптің 14-тармағында көрсетілген бағалау критерийлерінің тізбесін пайдалана алады.

10) Қажет болған жағдайда Бірыңғай комиссияның шешімімен қорытынды талқылау үшін аудиторлық ұйымдардың тізбесі айқындалады, оған Бірыңғай комиссия мүшелерінің дауыстарының ең көп санын алған аудиторлық ұйымдар кіреді. Бірыңғай комиссия таңдауға айтарлықтай әсер ететін немесе қызмет құнын төмендететін қосымша факторларды талдау мақсатында түпкілікті талқылау үшін тізімдегі аудиторлық ұйымдармен қайталап отырыстар өткізеді. Қайталама отырыстардың нәтижелері бойынша Бірыңғай комиссия мүшелері бағалау парақтарын түзете алады және бірінші, екінші және үшінші орындарға ие болған аудиторлық ұйымдарды қайта анықтай алады.

11) Отырысқа қатысқан Бірыңғай комиссия мүшелерінің ең көп дауыс санын алған аудиторлық ұйым жеңімпаз болып танылады. Дауыстар тең болған жағдайда Бірыңғай комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады;

12) Бірыңғай комиссия Қатысушылардың ауызша баяндамаларының және қорытынды талқылаудың нәтижелері бойынша аудиторлық ұйымды анықтау туралы шешім қабылдайды;

13) Сатып алуды ұйымдастырушы Бірыңғай комиссияның қорытынды отырысы өткен күннен бастап күнтізбелік 10 күн ішінде іріктеу рәсімінің нәтижелері туралы хаттаманың жобасын жасайды және Бірыңғай комиссия мүшелеріне келісу үшін жібереді.

9. Бірыңғай комиссия іріктеу рәсімін жүргізетін жағдайларда, егер тапсырыс

берушінің іріктеу рәсімін өткізбеуінің дәлелді себептері болса және аудиторлық ұйымның өзгеруі тапсырыс беруші үшін жағымсыз салдарға әкепеуі мүмкін болса, Бірыңғай комиссия бірінші отырысында мынадай мәселелерді қарауға құқылы:

- 1) ағымдағы аудиторлық ұйым іріктеу рәсіміне қатысуға өтінімде көрсетілген талаптарға сай болған жағдайда аудиторлық ұйымды ауыстырудың қажеті жоқ;
- 2) ағымдағы аудиторлық ұйымды қызмет мерзімін анықтау туралы (5 жылдан аспайтын);
- 3) ағымдағы аудиторлық ұйымды қатысу өтінімін бекіту.

10. Талқылау нәтижелері бойынша Бірыңғай комиссияның шешімі хаттамамен ресімделеді және тапсырыс берушінің іріктеу рәсімін өткізбеуінің дәлелді себептері мен Бірыңғай комиссияның «Аудиторлық ұйымды ауыстырудың қажеттілігі жоқ» қорытындысы қамтылуға тиіс.

11. Сатып алуды ұйымдастырушы осы Тәртіптің 8-тармағының 5) тармақшасына сәйкес ағымдағы аудиторлық ұйымға іріктеу рәсімі туралы ақпаратты жібереді.

12. Бірыңғай комиссияның кезекті отырысында (екінші отырыс) ағымдағы аудиторлық ұйымның қаржылық есептілік аудиті бойынша көрсетілетін қызметтердің құны және оның қатысу сұрау салу талаптарына сәйкестігін талдау туралы келіп түскен ұсынысы енгізіледі. Одан әрі іріктеу рәсімі осы Тәртіптің 8-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

13. Бірыңғай комиссияның шешімі хаттамамен ресімделеді және шешім қабылданған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде сатып алуды ұйымдастырушы мүдделі әлеуетті аудиторлық ұйымдарға тиісті ақпаратты жібереді.

14. Аудиторлық ұйымды таңдауда ұсынылатын өлшемшарттар:

- **Қызметтерді ұсыну тәсілі:** аудитті толық қамтуды қамтамасыз ету мақсатында кешенді жұмыс жоспарлары; қаржылық және экономикалық тексерулерді орындау, сондай-ақ тексерулердің тиімділігі мен бағасы мен сапасының арақатынасы; талаптарды сақтауға арналған шығындарды барынша азайту мақсатында сыртқы кадрлық ревизияға болжамды көзқарас; аудиттің шектеулі ресурстарын пайдалануды оңтайландыру мақсатында ішкі аудитпен ынтымақтастық; аудит нәтижелерін беру; жаһандық желі және әлемнің әртүрлі бөліктерінде қызмет көрсетуге арналған ресурстар; тиісті инфрақұрылым (офистер, өкілдіктер).

- **Аудиторлық топқа қойылатын талаптар:** кәсіби біліктілік, дағдылар, жұмыс күшінің мөлшері (әріптестер мен басқа да қызметкерлердің жеткілікті саны), қызметкерлердің рөлдері мен міндеттерін нақты бөле отырып, жобалау тобының айқын және тиісті құрылымы, персоналға арналған үздіксіз кәсіптік білім беру бағдарламасының болуы, негізгі персоналдың (серіктестердің, аға қызметкерлердің) біліктілігі және салалық тәжірибесі.

- **Қызмет көрсету сапасы:** ақпарат алмасуды, жұмысты үйлестіруді және бақылауды қоса алғанда, тиісті тексеру рәсімдері; мүдделер қақтығысын шешу үшін рәсімнің тиісті нормалары; Аудит комитетімен, басқару органдарымен және Тапсырыс берушінің басқа да негізгі объектілерімен өзара іс-қимылдың нақты тетігі; туындайтын техникалық мәселелерге (жылдамдық пен сапаға) кері байланыс тетіктері; аудит жүргізу үшін пайдаланылатын арнайы АТ-жүйелер.

- **Ниеті мен беделі:** Қатысушының қызмет көрсету мерзімі мен сапасы (оң немесе теріс) тұрғысынан жинақталған тәжірибесі; бәсекеге қабілеттілігі; ынта-жігері, Қатысушының үлкен қызығушылығы және т.б.

- **Жұмыс уақыты мен қызмет құны:** жұмыс уақыты мен қызмет құнының берілген жұмыс көлеміне сәйкестігі; қызмет көрсету құнының ашықтығы, бәсекеге

қабілетті шығындардың жалпы пакеті және т.б.

- **Тұтастық:** барлық қызметкерлерге қолданылатын, сондай-ақ жыл сайын жаңартылатын кәсіби және этикалық мінез-құлық кодексін сақтау.

- **Объективтілік:** міндеттерді орындаудағы объективтілік.

- **Тәуелсіздік:** аудиторлық қызмет көрсету барысында тәуелсіздікті сақтау мен бақылаудың тиімді рәсімдері.

- **Қосымша артықшылықтар:** аудит қызметтері үшін төлем шеңберінде қосымша және қажетті қызметтер тартылатын болады.

- **Коммуникациялар:** кешенді хаттар, аудиторлық есептер және кеңестер көмегімен басшылыққа ұсынылатын аудит нәтижелері туралы уақтылы ақпарат алмасу (қажет болған жағдайда). Байланыс аудиторияға сәйкес бейімделуі керек.

15. Әлеуетті аудиторлық ұйымдардың конкурстық ұсыныстарын сатып алуды ұйымдастырушы компанияның қаржылық есептілік мәселелеріне жетекшілік ететін бірінші басшысының орынбасарымен немесе қаржылық есептілік мәселелеріне жетекшілік ететін компанияның қаржы департаментінің басшысымен бірлесіп қатысуға сұрау салуда көрсетілген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан қарайды..

16. Конкурстық ұсыныстарды қарау кезінде сатып алуды ұйымдастырушы:

- 1) Таңдау рәсіміне қатысушы Аудиторлық ұйымнан өтінімдерді қарау, бағалау және салыстыру үшін қажетті материалдар мен түсіндірмелерді сұратуға;

- 2) Қатысуға арналған сұрау салуларда қамтылған мәліметтерді нақтылау мақсатында тиісті мемлекеттік органдардан, жеке және заңды тұлғалардан қажетті ақпаратты сұратуға құқылы.

17. Конкурстық ұсыныстарды келесі формальды негіздер бойынша қабылдамауға жол берілмейді:

- 1) конкурстық ұсыныста қатенің, жаңылыстың, жаңылыс жазудың болуы;

- 2) Комиссияның Таңдау рәсіміне қатысуға өтінімдерді бағалауға және салыстыруға әсер етпейтін ұсынылған құжаттар нысандарындағы ақпаратты (банктік деректемелер, БСН, куәліктердің нөмірлері және басқа да ақпарат туралы) көрсетпеу;

- 3) Қатысушы ұсынатын аудиторлық қызметтердің сапасына немесе бағасына әсер етпейтін өзге де негіздер бойынша.

18. Бірыңғай комиссия әлеуетті аудиторлық ұйымдардың конкурстық ұсыныстарын қабылдамайды, егер:

- 1) конкурстық ұсыныс осы қосымшаның Таңдау рәсіміне қатысуға арналған сұрау салуда көрсетілген талаптарға сәйкес келмейді деп танылса;

- 2) конкурстық ұсыныстың бағасы Таңдау рәсіміне қатысуға арналған сұрау салуда көрсетілген сомадан асып кетсе;

- 3) Қатысушы Сенімсіз әлеуетті өнім берушілердің (өнім берушілердің) тізбесінде және (немесе) Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімінде болса, әлеуетті аудиторлық ұйымдардың конкурстық ұсыныстарын қабылдамайды.

19. Таңдау рәсімінің қорытындылары хаттамамен ресімделеді. Таңдау рәсімінің қорытындылары туралы хаттамаға Комиссияның төрағасы және қатысқан барлық мүшелері қол қояды.

20. Таңдау рәсімінің қорытындылары туралы хаттамада келесі ақпарат қамтылуы тиіс:

- 1) қорытынды шығару орны мен уақыты туралы;

- 2) аудиторлық ұйымдардан келіп түскен ұсыныстар туралы;

- 3) Таңдау рәсіміне қатысқан аудиторлық ұйымдардың қабылданбаған ұсыныстары және оларды қабылдамау себептері туралы;

4) қатысуға сұрау салуда көрсетілген талаптарға сәйкес деп танылған аудиторлық ұйымдар туралы;

5) осы сәйкессіздіктердің аудиторлық қызметтердің сапасы мен құнына, аудиторлық ұйымның тәуелсіздігіне әсер етпеу себептерін негіздей отырып, осы қосымшаның 28-тармағының 1) -3) тармақшаларына сәйкес аудиторлық ұйымдардың талаптарға сәйкессіздіктерінің болуы туралы;

6) Таңдау рәсімінің жеңімпазы туралы;

7) екінші және үшінші орын алған Таңдау рәсіміне Қатысушылар туралы;

8) аудиторлық ұйымды айқындау бойынша ұсынымдар;

9) Тапсырыс берушіге немесе Тапсырыс берушілерге қатысты Таңдау рәсімінің жеңімпазының тәуелсіздігі мәселесі бойынша Комиссияның қорытындысы;

10) Бірыңғай комиссияның қарауы бойынша өзге де мәліметтер.

21. Жүргізіліп отырған/жүргізілген Таңдау рәсімінде бұзушылықтар анықталған жағдайда Комиссия құзыретті орган шешім қабылдаған сәтке дейін Таңдау рәсімінің қорытындыларын жояды. Бұл жағдайда Таңдау рәсімі қайта жүргізілуі керек.

Егер бұзушылықтар құзыретті орган аудиторлық ұйымды айқындау туралы шешім қабылдағаннан кейін анықталған жағдайда, Комиссия Тапсырыс берушіге көрсетілген шешімді қайта қарау туралы ұсыныс береді.

22. Сатып алуды ұйымдастырушы таңдау рәсімінің қорытындыларының күшін жою туралы шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде бұл туралы қатысушыларға жазбаша хабарлайды.

23. Өткізіліп жатқан немесе өткізілген Таңдау рәсімдері бойынша құжаттар сатып алуды ұйымдастырушыда сақталады.

24. Таңдау рәсімінің қорытындысы бойынша Тапсырыс берушінің құзыретті органы Тапсырыс берушінің қаржылық есептілігінің аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды және оның қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін айқындау туралы шешім қабылдайды, оның негізінде Тапсырыс беруші Аудитормен шарт жасасады.

25. Аудитормен қаржылық есептілік аудиті қызметтерін сатып алу туралы шарт жасасу және оны орындау Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына, тәртіпке және осы қосымшаға сәйкес, Тапсырыс берушінің құзыретті органының шешімі негізінде жүзеге асырылады.

26. Сатып алынатын аудиторлық және ілеспе Қызметтердің көлемі, қызметтерді көрсету мерзімдері, қызметтердің құны және Тапсырыс беруші Аудитормен жасасатын шарттың өзге де нормалары Қатысуға арналған бекітілген сұрау салуда көзделген талаптарға толық көлемде сәйкес келуі тиіс.

27. Тапсырыс берушінің қаржылық есептілігінің аудит қызметтерін сатып алу туралы шартта аудитордың аудиторлық және аудиторлық емес қызметтер көрсетуден түскен ағымдағы кірістері туралы ақпаратты Тапсырыс берушіге жыл сайын топқа беру жөніндегі аудитордың міндеттемесін қарастыру қажет.

28. Аудитормен жасалған шартқа енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын шартқа қосымша жазбаша келісім түрінде ресімделеді.

29. Аудиторлық ұйымдарға қойылатын міндетті ең төменгі талаптар:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген аудиторлық ұйымдарға қойылатын талаптарға сай келетін аудиторлық ұйым Таңдау рәсіміне қатысушы бола алады.

2) Аудиторлық ұйым, егер ол Сенімсіз әлеуетті өнім берушілердің (өнім берушілердің) тізбесінде және (немесе) Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімінде болса, Таңдау рәсіміне қатысуға құқылы емес.

3) Таңдау рәсімі шеңберінде аудиторлық ұйым қызмет көрсетуге өзінің ресми конкурстық ұсынысында тиісті өтініш беру жолымен өзінің тәуелсіздігін растауға

тиіс, ол аудиторлық ұйымның тапсырыс берушіге немесе оның тобына аудиторлық және аудиторлық емес қызметтер көрсетуден түсетін ағымдағы кірістері туралы ақпаратты, сондай-ақ аудиторлық ұйымның барлық кірістерінен түсетін осы кірістердің үлесін қамтиды.

4) Таңдау рәсімінің әлеуетті қатысушысы мыналарды:

- салалық тәжірибеге, оның ішінде Тапсырыс берушінің ауқымына ұқсас клиенттерге қызмет көрсетудің практикалық тәжірибесіне ие болуы (осы саладағы негізгі клиенттердің тізбесін, аудиторлық ұйымның Тапсырыс беруші өз қызметін жүзеге асыратын саласының қызметтерін ұсынуға қатысу көлемі мен мүдделілігін ұсынуы).

- келесі тармақтар бойынша толық ақпарат беруі:

- Тапсырыс берушінің аудит жобасы бойынша команданың, оның ішінде жетекші серіктестер мен менеджерлердің ұсынылатын құрамы;

- тапсырманы орындаудағы олардың рөлі мен міндеттері;

- ұқсас клиенттердің аудитін жүргізу тәжірибесін қоса алғанда, біліктілік және тиісті тәжірибе;

- жоба жетекшілерінің әрқайсысы жобаға бөлетін жылына ең аз сағат көлемі;

- Аудиторлардың ауысуын жоспарлауға және жоба бойынша жұмыс істейтін персоналдың сабақтастығына қатысты міндеттемелер;

- жұмыскерлердің кәсіби дамуына қатысты міндеттемелер;

- басқа ресурстар және ұсынылатын қызметтердің толық сипаттамасы;

- тартылған жергілікті офистердің тізбесі және қамтылуы.

- Тапсырыс берушінің ерекшеліктері мен талаптарына қатысты аудит әдіснамасы мен стратегиясы;

- жұмысты үйлестіру және бақылау;

- аудит жүргізу мерзімі;

- Аудит комитетінің/Байқау кеңесінің басшылығымен және мүшелерімен жұмыс істеу тәсілі;

- ішкі аудит қызметтерімен өзара іс-қимыл жасау тәсілі (бар болса);

- салық мәселелерін қарастыру тәсілі;

- есепке алу бойынша күрделі және стандартты емес техникалық мәселелерді шешу тәсілдері мен жолдары;

- аудиттің нәтижелілігін тұрақты жетілдіру және арттыру бойынша міндеттемелер.

- Егер қолданылатын болса, Аудиторларды ауыстыруды ұйымдастыру жоспарын, атап айтқанда, алдыңғы аудиторлық тексерулердің нәтижелерімен танысу рәсіміне қойылатын талаптарды және үздіксіз жұмысты қамтамасыз ету бойынша ұсыныстарды ұсыну.

- Қызметтердің сапасы және мүдделер қақтығысы. Келесі тармақтар бойынша толық ақпарат беру:

- қызмет көрсету сапасын қамтамасыз етуге және клиентпен қарым-қатынасты басқаруға жалпы көзқарас;

- ықтимал қақтығыстар және оларды шешу тәсілдері (соның ішінде тікелей бәсекелестер үшін орындалатын жұмыс сипаттамасы);

- серіктестерді ауыстыру және жобалық топ мүшелерінің сабақтастығын жоспарлау міндеттемелері мен тәсілдері;

- сапаны бақылау және клиенттің қанағаттануын бағалау жүйесінің сипаттамасы.

- Жұмыс уақыты және қызмет құны. Қызметтердің құны жеке құжат түрінде ұсынылады және мыналарды қамтуы керек:

- ұсынылатын аудиторлық қызметтер, міндетті және басқа да есептіліктің аудиті жөніндегі қызметтер бойынша адам-сағат және тіркелген мөлшерлемелер;
 - бірінші және одан кейінгі жылдардағы аудит құнын айқындау тетігі;
 - қызмет құнын калькуляциялау әдісі;
 - ұсынылған шоттарды төлеу кестесі, сондай-ақ осы процестің икемділігі.
- Басқа да қосымша аудиторлық емес қызметтер. Ұсынылған баға ұсынысы шегінде, Тапсырыс беруші(-лер) үшін ықтимал қызықты аудиторлық емес қызметтерді көрсету үшін қолда бар тәжірибе мен ресурстар.